


Келісемін: 
Қамқоршылық кеңес
төрайымы Н.Е.Ержан

Бекітемін: 
Мектеп директорының
у.м.а. Дюсегалиева А.Г.



№23 А.Байтұрсынов атындағы орта мектебі
Қамқоршылық кеңесінің
2021-2022 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

№	Атқарылатын жұмыс бағыттары	Уақыты	Жауаптылар	Қатысушылар
1.	I-отырыс Қаралатын мәселелер: -Қамқоршылық кеңес мүшелерінің 2021-2022 жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту. -Қамқоршылық кеңестің құрамын жаңадан сайлау, бекіту. -Ата-аналар мен оқушылар үшін «Мектеп жарғысы мен ішкі тәртіп ережесін» таныстыру.	17.09.21ж	Кеңес төрайымы Н.Е.Ержан	Мектеп әкімшілігі Кеңес мүшелері
2.	Мектептің шараларға қатысу	үнемі	Қамқоршылық кеңес мүшелері	Ұжым мүшелері
3.	II- отырыс Қаралатын мәселелер: -«Дұрыс тамақтану-денсаулықтың кепілі» мектеп оқушыларының тамақтануын қадағалау. -Республикалық «Қамқоршылар күні», «Мектепке жол» акциясына қатысу. -Қамқоршылық кеңестің жергілікті атқарушы органдармен және басқа ұйымдармен жұмысын ұйымдастыру.	24.12.21ж.	Кеңес төрайымы Н.Е.Ержан	Кеңес мүшелері Ұжым мүшелері
4	Байқауларға, спорттық сайыстарға аз қамтылған отбасыларынан шыққан оқушыларды және талантты, өнерлі оқушылардың қатысын қамтамасыз ету, қолдау көрсету.	үнемі	Қамқоршылық кеңес мүшелері	Ұжым мүшелері
5	III-отырыс Қаралатын мәселелер: -Аз қамтылған отбасының балаларына демеушілік көрсету. -Жалғызбасты қиын жағдайдағы отбасыларға кеңес беру;	11.03.22ж.	Кеңес төрайымы Н.Е.Ержан	Кеңес мүшелері Ұжым мүшелері
6	IV-отырыс Қаралатын мәселелер: -Оқушылар қауіпсіздігі. Жаз кезіндегі оқушылардың	17.05.22ж.	Кеңес төрайымы Н.Е.Ержан	Кеңес мүшелері Ұжым мүшелері

	демалысын ұйымдастыру. -2020-2021 оқу жылында атқарылған іс-шараларды қорытындылау			
7	Мектеп оқушылары мен педагогикалық ұжымның салауатты өмір салтын насихаттау бағытында және мәдениетті дамуын қамтамасыз ету бағытында көмек көрсету, қолдау.	үнемі	Қамқоршылық кеңес мүшелері	Ұжым мүшелері

**Қамқоршылық кеңесі отырысының хаттамасы №1.
2021-2022 оқу жылы.**

Күні: 17.09.2021ж.

Қатысуға тиісті: 7 адам

Қатысқандар: 6 адам

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің 2021-2022 жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту.
2. Қамқоршылық кеңестің құрамын жаңадан сайлау, бекіту.
3. Ата-аналар мен оқушылар үшін «Мектеп жарғысы мен ішкі тәртіп ережесін» таныстыру.

Тыңдалды:

I мәселе бойынша Ержан Н.Е – қамқоршылық кеңесінің төрайымы алғаш сөз алды.

2021-2022 оқу жылындағы жаңалықтар туралы айтылды. Жаңа оқу жылында жаңартылған білім мазмұны бағдарламасына өткен оқу жылындағы сыныптар жалғастырылып жатқандығы басты назарда айтылды. Қамқоршылық кеңестің алдағы уақытта мектеп әкімшілігі мен ата-анамен бірлесіп атқаратын жұмыс жоспары, іс-шаралар жоспарының басым бағыттары талқыға салынды. Мұнда ең маңызды мәселе демеушілерді табу, олармен бірлескен іс-шаралар жоспарын құру мәселесі де талқыға салынды. Сонымен бірге киім кешек жағынан мектепке жол акциясына қатысып киім алып беретіндер болды. Осы жұмыстарды нәтижелі ұйымдастыруда №23 А.Байтұрсынов мектебіндегі Қамқоршылық кеңесінің мүшелері бірлесіп жұмыс жасауға шешім қабылдады. Қамқоршылық кеңесінің жалпы жоспарында жалпы мектеп оқушыларына қамқорлық көрсету, аз қамтылған жанұяларға көмек көрсету, «мектепке жол» акциясын ұйымдастыруға ат салысу басты назарда талқыланды. Өткен оқу жылындағы қамқоршылық кеңесі жұмысын талқылай келе, осы оқу жылындағы міндеттерді де айтты. Осы оқу жылында қамқоршылық кеңесі жұмысын жандандырып, ресми тіркеуден өту үшін бірігіп жұмыстануға шақырды.

II мәселе бойынша Тәжиева Ж.Б қамқоршылық кеңесі ережелерімен таныстырды. Ол басты назарда 2017 жылдың 27 шілдеде №355 бұйрығы бойынша қызмет етіп, жалпы ережелер мен заңдылықтарға бағынатындығын да айта кетті. Жалпы ережелер мен қамқоршылық кеңесінің төрайымын сайлау туралы айта келіп Тәжиева Ж.Б қайта сайлау немесе бекіту туралы да айтты. Дегенмен барлық қамқоршылық кеңесі мүшелері бір ауыздан Тәжиева Ж.Б төрайымы болуын қолдады.

Жаңа құрамы төмендегі тізімдегідей болып бекітілді. Ержан Н.Е. - Қамқоршылық Кеңесі төрайымы, Тәжиева Ж.Б. - Қамқоршылық Кеңес төрайымының орынбасары, Сапарова А.М. - Қамқоршылық кеңес есепшісі,

Кусайынова Н.Р.- Қамқоршылық Кеңес бақылаушысы, Алиева А.Б - Қамқоршылық Кеңесі мүшесі, Сұлтанова К.С. -Қамқоршылық кеңесі мүшесі, Аманкулова А.С. - Қамқоршылық кеңесі мүшесі,

III мәселе бойынша Алиева А.Б. қамқоршылық кеңес мүшесісөз алды.

Мектептегі мектеп жарғысыныда жазылған ережелермен және «Білім» заңында көрсетілген оқушыға қойылатын талаптарды сақтауды, яғни мектеп формасының сақталуын қолдайтындықтарын айтты. Оқушы үшін әрі қолайлы, ата-ана үшін артық шығынсыз, оқушыны мектеп жасынан мәдениеттілікке тәрбиелейді деп айта кетті. Мектеп формасының сақталуын қадағалау үшін қамқоршылық кеңесі мүшелері қажетті жағдайда мектепте оқушылардың мектеп формасын үнемі киіп жүруін кезекшілік ұйымдастырып, қадағалауға да қарсы емеспіз деді. Мектепішілік шараларда қажетті деңгейде өтуі үшін қамқоршылық кеңес қолда бар материалдық көмектерін аямаймыз деп те қолдай білдірді. Қалталы азаматтар немесе жүрегі жылы қолы ашық азаматтарды да қамқоршылық кеңесі арқылы айтып көмек керек болған жағдайда жиналып бірігіп шешім қабылдаймыз деп жатты.

ТЫҢДАЛДЫ:


Ержан Н.Е. (Қамқоршылық кеңес төрағасы) өз сөзінде, «Мектепке жол» акциясы шеңберінде барлық көмекке мұқтаж отбасыларды анықтау, ол отбасылардың әлеуметтік қажеттіліктерін анықтап көмектер беру, мектеп компьютерлерін уақытша аз қамтылған отбасыларына беру мүмкіндіктерін қарастыру, интернет желісіне қосылу мәселесін талқылау керектігін айтып өтті..

Қаулы:

1. Қамқоршылық кеңесінің 2021-2022 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін;
2. Қамқоршылық Кеңесінің төрайымы Ержан Н.Е. және хатшы Шыманов Ж.Ж. және №23 А.Байтұрсынов атындағы орта мектебінің қамқоршылық кеңесінің құрамы 7 адам болып бекітілсін;
- 3.Қамқоршылық кеңесі жұмысын ережеге сай жүргізу және жандандыру төрайымы Ержан Н.Е. қатеріне алынсын;
4. Мектеп оқушыларының пандемия кезінде классикалық үлгіде киініп санитарлық талаптың сақталуын ата –ана және қамқоршылық кеңесі мүшелері тарапынан қадағалансын;
5. «Мектепке жол» акциясына белсене қатысу, қажетті жағдайда барынша азқамтылған отбасыларына көмек көрсетілсін;

Қамқоршылық кеңесі төрайымы:

Хатшы:



**Ержан Н.Е.
Шыманов Ж.Ж.**

Қамқоршылық кеңесі отырысының хаттамасы №2

2021-2022 оқу жылы.

Күні: 24 желтоқсан 2021 ж

Қатысуға тиісті: 7 адам Қамқоршылық кеңесі мүшелері.

Қатысқандар: Жаңа құрамы төмендегі тізімдегідей болып бекітілді. Ержан Н.Е. - Қамқоршылық Кеңесі төрайымы, Тәжиева Ж.Б. - Қамқоршылық Кеңес төрайымының орынбасары, Сапарова А.М. -Қамқоршылық кеңес есепшісі, Кусайынова Н.Р.- Қамқоршылық Кеңес бақылаушысы, Алиева А.Б -Қамқоршылық Кеңесі мүшесі, Сұлтанова К.С. -Қамқоршылық кеңесі мүшесі, Аманкулова А.С. - Қамқоршылық кеңесі мүшесі,

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

- 1.«Дұрыс тамақтану - денсаулықтың кепілі»- мектеп оқушыларының тамақтануын қадағалау.
- 2.Республикалық «Қамқоршылар күні», «Мектепке жол» акциясына қатысу.
3. Қамқоршылық кеңестің жергілікті атқарушы органдармен және басқа ұйымдармен жұмысын ұйымдастыру.

Тыңдалды:

1. I мәселе бойынша Қамқоршылық кеңес мүшесі Кусайынова Н.Р сөз алып, биылғы оқу жылының соңы елімізде болып жатқан пандемияға байланысты карантин талаптарын қатаң сақтауды, оқушылармен сынып жетекшілер арқылы байланыс жасап, сақтық шараларын мейлінше апттыруды күшейту керектігін айтты. Тек қана мұғалімдер емес, ата-аналармен, оқушылармен кеңес мүшелері әлеуметтік байланыс желілері арқылы мүмкіндігінше үйде де, көшеде де санитарлық талапты сақтау туралы жадынамалармен кеңірек таныстырғанымыз жөн. Сондықтан сыныптармен байланыс жасау уақытын келісіп алайық,- деп сөзін қорытындылады. Кеңес мүшелері бұл шешіммен бірауыздан келісті.

Сөз алды:

2. II мәселе бойынша Алиева А.Б - Қамқоршылық Кеңесі мүшесі сөз алды. Иә, елімізде болып жатқан осы бір пандемия кезінде әр адам өз қолынан келгендерінше көмек беріп жатыр. Сондықтан мектебіміздегі аз қамтылған отбасыларға да мүмкіндігімізше көмек берейік. Айталық, азық-түлікпен, маскамен қамтамасыз етсек те. Әлеуметтік педагогтан көпбалалы,

аз қамтылған отбасылар тізімін алдық. Солардың ең мұқтаж отбасын қарап, жекелей де демеушілік жасап немесе басқа демеушілер табуға тырысайық. Себебі бүгінгі таңда қорға ешқандай қаражат жиналмады. Сондықтан өзіміз қолға алғанымыз дұрыс болар еді. Алиева А.Б (Қамқоршылық кеңес төрағасы) өз сөзінде, «Мектепке жол» акциясы шеңберінде барлық көмекке мұқтаж отбасыларды анықтау, ол отбасылардың әлеуметтік қажеттіліктерін анықтап көмектер беру, мектеп компьютерлерін уақытша аз қамтылған отбасыларына беру мүмкіндіктерін қарастыру, интернет желісіне қосылу мәселесін талқылау керектігін айтып өтті.

3.ІІІ мәселе бойынша Сұлтанова К.С - Қамқоршылық Кеңесі төрайымы сөз алды.

2021-2022 оқу жылында атқарылған іс-шараларға тоқтала кетсем, қорға айтарлықтай қаражат жиналмады. Алайда оқу жылының соңындағы мына бір елдегі пандемия кезеңінде бірауыздан жұмылып, аз қамтылған, көпбалалы отбасыларға көмек беруге талпындық. Нәтижесінде аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға көмек көрсетілді. Ол отбасы алғыстарын айта отырып, бір баласына сабақ оқуына мүмкіндік жасау үшін ұялы телефон алып берген. Әрине, бұл жерде мектеп мұғалімдерінің көмегі зор болып жатыр, сондықтан ата-аналар тарапынан да көмек жасауға тырысайық. Әлі де жұмыстың жандануына атсалысайық!

Қаулы:

1. Оқушылардың уақытында сапалы, қауіпсіз тамақтануын қадағалау барысын мектептің әлеуметтік педагогтарына жауапкершілік жүктеу және қадағалау.
2. «Мектепке жол» акциясын демеушілердің қолдауымен және білім беру басқармасымен бірлескен түрде нәтижелі ұйымдастыру.
3. Қамқоршылық кеңестің жергілікті атқарушы органдармен және басқа ұйымдармен жұмысын уақытында ұйымдастыруды қадағалау.

Қамқоршылық кеңесі төрайымы:

Хатшы:



Ержан Н.Е.

Шыманов Ж.Ж.